

ПАРАСАТ! МАҚСАТ! УАҚЫТ!

БІЛІК

ГАЗЕТА ИЗДАЁТСЯ С 1 СЕНТЯБРЯ 1967 ГОДА



С.ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
TORAIGHYROV UNIVERSITY

WWW.PSU.KZ

ГАЗЕТА ПАВЛОДАРСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА



Құрметті достар!

Сіздерді Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің 160 жылдығына арналған «Мәшһүртанудың ғылыми негіздері – «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ашылуымен құттықтаймын!

Мәшһүр Жүсіп Көпеев – өз заманының данагөйі, ел қадір тұтқан азаматы. Бірнеше шығыс тілдерін меңгеріп, шығыс халықтарының әдебиеті мен философиясын тереңнен зерттеді. Оған астрономия, физика және медицина салаларындағы құнды идеялары тиесілі. Ғалым-энциклопедист сол кездегі қазақ ғылыми жүйесінің негізін қалады, оның еңбектері бүгінгі ғылымның берік іргетасына айналды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қаламынан туған шығармалар – біз үшін қымбат мұра, адами қасиеттерді сақтауда өзіндік бағыт берер қымбат дүниелер. Біздің мақсатымыз келер ұрпақ үшін сол құндылықтарды сақтау.

С. Торайғыров атындағы ПМУ ректоры
Г. Ахметова

Уважаемые друзья!

Поздравляю вас с открытием Международной научно-практической конференции «Научные основы машхуроведения – национальная идея «Мәңгілік ел», посвященной 160-летию М.Ж. Копеева.

Машхур Жусуп Копеев был одним из самых образованных людей своей эпохи, в совершенстве владел несколькими восточными языками, изучал литературу и философию Востока.

Ему принадлежат плодотворные идеи в области медицины, астрономии и физики. Будучи ученым-энциклопедистом, он стал одним из основоположников казахской научной системы той эпохи, его труды – это фундамент казахстанской науки сегодня.

Духовное наследие Машхура Жусупа – ориентир мудрости и человеческого достоинства. И наша задача сохранить этот бесценный опыт для последующих поколений.

Ректор ПГУ имени С. Торайғырова
Гаухар Ахметова

Dear friends!


Let me congratulate you on the opening of the International Research and Practice Conference “Scientific Foundations of Mashkhor Studies - the National Idea of “Mangilik El”, dedicated to Mashkhor Zhussup’s 160 th birth anniversary.

Mashkhor Zhussup Kopeyev was one of the most educated people of his era, mastered several Oriental languages, studied literature and the philosophy of the East.

He had fruitful ideas in the field of medicine, astronomy and physics. Being a scientist-encyclopedist, he became one of the founders of the Kazakh scientific system of that era, his works are the foundation of today’s science in Kazakhstan.

The spiritual heritage of Mashkhor Zhussup is the reference point of wisdom and human dignity. And our task is to preserve this invaluable experience for future generations.

Rector of S. Toraighyrov Pavlodar State University Gaukhar Akhmetova



1 Қазақ тарихында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының алатын орны орасан зор. Жас кезінен Шығыс әлемінің білімімен сусындап, кейіннен орыс тілін меңгеруі арқылы Батыс өркениетінің де ғылыми жаңалықтарымен танысқан ол - тарих, этнология (шежіре нұсқалары), фольклористика (жинастырған ауыз әдебиет үлгілері), әдебиет (ақындығы), тіл тарихы, этнография (қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы шығармалары), философия, медицина (емшілік, дәрілік өсімдіктер туралы), космология ғылым салаларына арналған еңбектерді жазып қалдырған ұлы адам.

2 Мәшһүр Жүсіп – түрлі жанрда, түрлі тақырыпта өлең жазған ақын. Оның ерекшелігі де сонда. Ал фольклоршылығына келсек, қазақ халқының рухани бастау көзі оның бай фольклоры екені белгілі. Кезінде әдеби мұраларды зерттеуге арналған ғылыми-теориялық конференция шешімінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы халық ауыз әдебиеті үлгілерін көп жинаған ірі фольклоршы ретінде бағаланған болатын. Мәшһүр Жүсіптен қалған мұра ішінде әлеумет мәселесіне арналған неше алуан шығармалар, ұзақ оқиғалы хикаялар, айтыстар, шежірелер тарихи материалдар, фольклор үлгілері бар. Бұларға қоса ақынның араб, парсы, шағатай тілдеріндегі көшірмелерін есепке алсақ, одан қалған мұра 30 томдай болады екен. Осындай халқына көп еңбек сіңірген

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН КӨП ЖИНАҒАН ІРІ ФОЛЬКЛОРШЫ

тұлғаны Кеңес заманында бағалай алмадық. Себебі, «бұлар діншілдерді мадақтайды» дегендер болды. Содан кейін Мәшекең Абайға тіл тигізген адам екен. Соған байланысты «Абайды сынапты» деп кінәладық. МәшһүрЖүсіп 1885 жылдары «Дала уалаяты» газетінде әкесіне дұрыстап ас бермеген Абайды сөзбен қағытқан. Осы «кінә» болып жабысып, бұл оның атының аталмауына, жазған еңбектерінің жарыққа шықпай қалуына бір себеп болды.

3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дінді құрметтеген, Алланы таныған. Ол қайтыс боларынан бір жыл бұрын өкімет саясатына қарсы оғаштау бір мінез көрсетеді. Күні бұрын бейітін тұрғызып, жаназасын шығарып, көзі тірісінде өзіне ас бергізеді. «Жетпіс үшке шыққанша, балталасаң да өлмеймін, жетпіс үшке шыққан соң сұрасаң да тұрмаймын», - деген сөзі дәл келеді. Осы бір жайлар ел арасында аңыз боп тарап, ауыл адамдары өлгеннен кейін де, Мәшһүр Жүсіпті әулие тұтып, басына келіп зиярат етуді, түнеуді шығарады. Ал саяси идеология үстемдік құрған кезеңде бұл жағдай көпе-көрнеу ақынға пәле болып жабысқан. Мен алдыңғы жылы Мәшһүр Жүсіп басына арнайы барып қайттым. Сол уақытта әкім Ерлан Арынға қатты риза болдым. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасына байланысты баба мұражайы мен мазарын қайта жаңартып көтеріпті, мың рахмет. Енді бабаның қасиеттілігіне байланысты бір әңгімені айтып берейін. Қызылтауда бір адам құдайы садақа береді. Бұл асқа Мәшекең арнайы шақыртылады. «Қазы жеуге асықпайық. Қызылтаудың киелі әуақтарына дұға бағыштайық», - деп атқосшысына ат жектірген Мәшекең алыс жолға аттанып кетеді. Түс ауа бір күн бұрын құдайы садақа беретін адамның ауылына келіп, жеке тұрған бір үйге түседі. Көп кешікпей «Сарыарқаның көмекей әулиесі

келіпті» дегенді естіген, 15-16 шақырым жерде қоныс тепкен бір байдың шабармандары келіп: «Ауылымызға жүріп, дастарханнан дәм татып, батаңызды беріп кетіңіз», - деп өтініп тұрып алса керек. «Бір ауылдың азаматтарысыңдар ғой, көңілдеріңді қалдырмайын», - деп байдың ауылына кеш бата жетеді. Дастархан үстінде ақсақалдар Мәшекеңді ерекше күтіп, аузынан шыққан әр сөзіне көңіл бөліп, көкейлерінде жүрген сан алуан сұрақтарына жауап алып, мәз-мейрам болып отырады. Ал жастар жағы болса, ән айтып, күй шертеді. Екі-үш күн бұрын әдейілеп алдыртылған молда елеусіз қалады. Ашуланған молда дауыс көтере: «Ақ иесі қайда?» - деп сұрайды. «Мен», - дейді бай. «Бірнеше күн әуақтарға оқыған дұғаларымның ақысын төле», - дейді молда. Сонда Мәшекең: «Дінде жоқ мұндай шариятты қай кітаптан алдың?» - деп сұрайды. Сол сәтте молдекең аузына келгенін айтып, Мәшекеңді балағаттаса керек. «Болды-ау» деген уақытта Мәшекең: «Әй, молда, Құран сөзін сатсаң, қиямет күнінде үстіңнен аттап өтермін», - депті. Көп ұзамай әлгі молда дүниеден қиналып өтіпті.

4 Мәшһүр Жүсіпке дейін ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған Қарамендітегі Сейітқали деген ақсақал болған. Дүниеден өтіп кетті. Филология ғылымдарының докторы Мырзабек Дүйсенов «Қазақтың рухани дүниесін ауыз әдебиеті деп қана түсінбей, жазба әдебиетіне бергісіз, сонымен деңгейлес ауызша қазақ әдебиеті деп неге атамаймыз?» деп сүбелі мәселе көтерген еді. Бірақ, әлі күнге дейін еленбей, ескерусіз келеді.

Тұрсынбек Көкішев
ф.ғ.д., профессор

Аңыз адам №19 (79) Қазан 2013 жыл, 29 б.



М.Ж. Копеев 160 лет



В этом году исполняется 160 лет со дня рождения казахского поэта, мыслителя, историка, этнографа, востоковеда и собирателя устного народного творчества Машхур Жусуп Копеева.

Машхур Жусуп Копеев родился в 1858 году в ауле, расположенном в горах Кызылтау Баянаульского округа. При рождении его нарекли Адам Жусуп. Позже, за великопное исполнение легенд, дастанов и поэм, когда М.Ж. Копееву исполнилось 9 лет, старший султан Баянаульского округа Муса Шорманов прозвал его Машхуром («славный, известный, достойный»). С тех пор это имя навсегда закрепилось за ним в народе.

В 1861 году семья Машхура Жусупа Копеева во время зимней бескормицы лишилась всего скота. Тогда отец решил, что важнейшая опора для человека – знания, а не скот, и отдал пятилетнего сына в медресе учиться грамоте.

Еще в раннем возрасте М.Ж. Копеев начал собирать фольклор. Уже тогда он показал себя вдумчивым и наблюдательным поэтом, умеющим точно охарактеризовать и передать увиденные события и явления жизни. В 1865 году он записал эпос «Ер Олжабай батыр», в чем большую помощь оказал его учитель и наставник Камаарадин хазрет.

С 1872 по 1874 годы поэт учился в Бухаре, овладевая арабским, персидским, чагатайским языками. По возвращении в родной аул М. Копеев обучал грамоте детей.

С 1875 года М. Ж. Копеев начал активно заниматься публицистической деятельностью. Его статьи, очерки, информации периодически печатались в газете «Дала уалаяты» и журнале «Айқап», а сам автор пользовался большой популярностью и авторитетом в народе, почитавшего его знания и талант.

В 1887 – 1890 годах Машхур Жусуп трижды путешествовал по Средней Азии. Был в городах Туркестан, Бухара, Ташкент, Самарканд. Посещал разные районы Северного и Центрального Казахстана, где ознакомились с жизнью, бытом и устным народным творчеством родов и племен, населявших эти края.

В традициях устного творчества Машхуром Жусупом Копеевым были написаны дастаны «Торг чертей», «Ястреб и соловей», «Старик и двое молодых» и другие. Хорошее знание арабского и персидского языков позволило Машхуру Жусупу глубоко изучить поэзии Востока, а также создать по восточным мотивам дастаны «Гульшат-Шеризат», «Гибрат-нама», «Баян-нама» и другие.

Стоит отметить, что записанные им из уст народных сказителей произведения Бухара жырау, Котеша, Шортанбая, Шоже стали богатым материалом для фольклористов, историков, литературоведов.

В 1907 году в Казани в издательстве Хусайновых вышли поэтические сборники Машхура Жусупа «Опыт, накопленный жизнью», «Положение» и книга прозы «Кому принадлежит Сарыарка», которая вызвала острую реакцию государства, где поэт затрагивает вопросы политики Царской России.

Почти весь тираж был изъят, а автора занесли в список политических неблагонадежных. М. Ж. Копееву пришлось на время скрыться в Ташкенте.

В 1907 - 1916 годы поэт временно прекратил свою политическую деятельность, полностью отдавшись литературе и сотрудничеству с газетой «Айқап».

Машхур Жусупу Копееву пришлось стать свидетелем «белого», и «красного» террора, гражданской войны, массового голода, унесшего жизни миллионов казахов. Кроме того, в 1921 году погиб его средний сын Мухаммед Амен. Гнев и бессилие отравляют последние годы жизни поэта.

Умер Машхур Жусуп Копеев 17 ноября 1931 года в местечке Ескедьды.

До недавних пор с творческим наследием М.Ж. Копеева народ был знаком мало. Но нынешнее время можно назвать ренессансом творчества Машхура Жусупа.

Сегодня его труды восстанавливают, переводят с арабского и персидского языков. Сложность исследования заключается в нехватке специалистов, владеющих староарабской письменностью (хадемше), и в трудности расшифровки употребляемых автором сокращений.

Сегодня имя Машхура Жусупа Копеева носит мечеть областного центра, памятник в г. Экибастуз. На родной Баянаульской земле расположены музей и мавзолейный комплекс Машхура Жусупа. В Павлодарском государственном университете имени С. Торайгырова создан центр по изучению его наследия. Кроме того, имя Машхура Жусупа было присвоено Жанажольской средней школе Баянаульского района. Его именем названы улицы в городах Павлодар, Экибастуз и Астана.

С 1931 по 1952 годы тело Машхура Жусупа Копеева оставалось нетленным (хотя и было непогребенным).

Мәшһүр Жүсіп көпейұлының «Адам мен Жұлдыздар ара қатынасы» еңбегі туралы

Қазіргі заман қазақ философиясы тарихына да жаңа көзбен қарап бағалау талаптарын қойып отыр. Ендеше қазақ философиясының ежелгі грек, көне үнді, қытай, араб философиясымен байланысын анықтау, көп «ақтаңдақтарын» ашу – бүгінгідей төл ғылымға мойын бұрып жатқан заманда кезек күттірмес мәселе.

Әл-Фараби (X ғасыр), Жүсіп Баласағұн (XI ғасыр), Қожа Ахмет Иассауи (XII ғасыр) философиясын зерттеу, қазақ халқының ауыз әдебиетінен, салт-дәстүрінен көрінген көне философиялық ойлары да – осындай толғақты мәселелердің бірі. Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында әрі көне үнді, қытай, араб, грек, әрі ортағасырлық түркі, қазақ ауыз әдебиетінен көрінген философия, сонымен қатар XIX ғасырдағы Еуропа, орыс философиясы жетістіктері жинақталып, соның бәрі ақынның өзіндік көзқарасын негіздегені көрінеді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы философиясының бет-бағдары журналдың биылғы жылғы 2-санында жарияланған «Аспан, Жер және Адам жаратылысы туралы» туындысында байқалған еді. Автордың онымен жалғастырыла жазылған «Адам мен Жұлдыздар арақатынасы» жазбасында сол ойлары дамытылып берілген. Біз көп уақытқа дейін әрбір суреткердің не ойшылдың Алланы тануы, Аллаға мойынсұнуы, оны жоғары бағалауы туралы айтсақ, оған кір келтіретіндей болып қорғалақтап келдік. Қазір керісінше. Мәселен, Абайдың Алла туралы айтқан пікірлерін жинақтап, қорытып, қазақ философиясы тарихындағы Абайдың өзіндік бір белес екенін дәлелдеген еңбек жарық көрді. Ол – Ф. Есімовтің «Хакім Абай» кітабы. Міне, осы еңбекте Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлен, жолына кең назар аударылған¹. Біздің айтпағымыз: Абайдың Аллаға шөк келтірмеуі тәрізді сенім Мәшһүр-Жүсіптің «Адам мен Жұлдыздар ара қатынасы» еңбегінде де бар: «Бір қиял: оң ба теріс пе, – ол арасын құдай біледі. Мен құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне нанымым, сенімім күшті. Өзге нәрсеге – «Құлақпен естіген – танық, көзбен көрген – анық». Көзім көрмей нанбаймын. Құдай қандай, өзі не нәрсе, оны білуге, оны тануға ақыл-ойым, зейін пікірім жетпейді. Сонда танымаймын деп, тоқтап тұрып қалмаймын, жаратқан нәрселерінен, құдайлықпен қылған ісінен – барлығын, бірлігін, күштілігін, танып тұрсам керек».

Бұл еңбекте жұлдыздар жаратылысы, орын тұрағы туралы айтылған ежелгі аңыз, соған негізделген халық мақал-мәтелінің мәні автордың осылар жөніндегі көзқарасының куәсы боламыз. Әйтсе де Мәшһүр-Жүсіп аңыз-өңгіме, мақал-мәтел шеңберінде қалып қоймай ой-толғамдарын жаратылыстану ғылымдарының соңғы жаңалықтарына, халықтың өмірлік тәжірибесіне, шығыс-батыс философиясының жетістіктеріне сүйеніп таратады. Әрине, еңбектің өн-бойында алдыңғы мақаласындағыдай, «пәленше осылай деп еді, мына ғылым былай дейді» деген төтеліс сілтеме жоқ.

Бірақ, еңбектен биологиялық, медициналық нақты талдауларды оқығанда, қазақтың төл ғылыми ұғымдарымен әлемдік ғылым жетістіктерінің әсерін де байқағандаймыз. Мәселен, «...Қан жүректе қайнайды, жан деген – сол қайнаған қанның буы. Бу болғанда жай бу емес, күшті қайратты бу. Бұл будың қайнауының қызуы күштілігінен электр сықылды жарық сәуле болуға жарайтыны – миға барып ақыл атанады. Жарық сәуле болуға жарамайтуғыны бауырға барып «қан» атанады. Жүректе қайнап тұрған бу «жан» атанады. Тіршіліктің түп тамыры, қазығы – жүрек», – деген ойы осының дәлелі. Мәшһүр-Жүсіптің біз дерексіз ұғым ретінде санайтын, көзбен көріп, дәлелдеуге келмейді делінетін жан, ақыл туралы жазғандары бүгінгі өскен, жетілген ғылым биігімен қарасақ та, әлі танылып болмаған, таяу жүзжылдыққа шешіліп біте қоймауы да мүмкін қағидалар ретінде бағалы. Қазір толық айқындалмаса да, болашақта ғалымдар электронды құралдар арқылы ақыл, көңіл, жан дегендердің адамның қай жерінде, қандай пішін, мөлшерде (бұларда пішін, мөлшер болмауы, не жарық, не сәуле, не көзге көрінбес радиация тәрізді өмір сүруі де ықтимал – Н. Ж.) екенін дәлелдейтіні анық. Ол үшін ғалымдар Мәшһүр-Жүсіп еңбегіне назар аудару керек деп санаймыз. Мәселен, мына пікірге көңіл бөлейік: «Бір денеде екі жан болмақшы емес, бір-ақ жан. Миға барғаны ақыл атанды, бауырға барғаны қан аталды. Жүректің өзінде тұрып қалғаны көңіл аталды. Ақыл, сезім, қайрат, жігер – көңілдің жұмысы. Өзге дене қара бұқара (народ) жалпақ, жұрт сықылды. Көңіл – бөрінің үстінен қарап билейтұғын патшасы. Бұл сөз – білімі бар, сезімі бар жанға айтылатұғын сөз. Білімі, сезімі жоқтық – ит жүрек, жаман ой. Мұндайлардың жанын «жабайы жан» – дейді. Тар ауданды, соқыр сезімді жабайы жаннан не шықпақ?!». Бұл ойлардың бірі болмаса бірін ғылым үшін негізсіз, жай айтыла салған деп асығыс түйін түюге болмас. Қазір толық анықталмаса да, екіұшты болып көрінсе де, болашақта дәлелденуі мүмкін ғылыми жаңалықтың бір бастау көзі осы ойларда жатуы мүмкін. Демек, осы түйіндерге әр ғылым (физика, химия, биология, т.б.) саласындағы ғалымдар өзінше назар аударып, оны соңғы техника көмегімен зерттесе, болашақ жаңалықтар дәні Мәшһүр-Жүсіп пайымдауларында жатқанына көз жеткізер уақыт та келер деп шамалаймыз. Сонымен қатар, Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында адам жаратылысын зерттеу тек кейінгі ғарышқа ұшу заманында, XX ғасырда ғана биікке көтерілді деудің қате екендігі айқындалады.

Демек, қазір ашылған әр жаңалықтың бір ұшы, мүмкін дәлелденбей, жорамал тәрізді айтылған ұшы, ежелгі халық аңызында жатқаны, демек бұрын да өзіндік ғылыми ізденістер болғаны да (оның себептері өз алдына бір әңгіме – Н. Ж.) байқалады. «Бес ай жанды, бес ай жансыз» деген қарапайым ғана халық мәтелін тарата отырып, Мәшһүр-Жүсіп сөз тәркінін, оны негіздеген халық даналығын алдымызға жайып са-

лады. Адам денесіндегі тамыр туралы айтылған тұжырым да көңіл бөлерлік: «Сезім тамыры денесінде бар-жоғын жұрттың көбі білмейді. Даладан ішке қарай кірген демалыс қан болғанда, таза қызыл қан болып, миға залал келтіретұғын уларды жуып, тазалап тұрады. Оны тазалауға күші жете алмай қалса, ми бұзылып паралич деген ауруға ұшырайды. Ол – аяқ-қолдың жансыз болып қалуы. Қазақ ит мұндайды: «пері соқты», – дейді.

Еңбектен, сонымен қатар, халықтың ежелгі астрономиялық ұғымдарына қатысты және Мәшһүр-Жүсіп көзқарасын танытарлық басқа да құнды мәліметтер кезіктіреміз: «Ең бізге жақын көкте Айдан басқа жұлдыз жоқ. Оның бадырайып, адырайып тұрғандығы – жақындығы. Өзінде сәуле де жоқ, сана да жоқ. Сәулені, сананы Күннен алып жарқырағансып тұр. Өзі бір қалыптан өспейді де, өшпейді. Оны бірде ірі көрсетіп, бірде қылтитып қылдырықтай көрсетіп тұрған – Күн сәулесі. Патшалары қол астында болған он екі шаһарды аралайды. Зүхәл бір аралап қайта оралғанына отыз жыл толады. Жүрісі шабан, мінезі ауыр, жылылықтан құралақан суық жұлдыз, тамам жұлдыздың насы». «Зүхәл» дегені қай жұлдыз, «ол екі шаһар» деп нені айтқан, – мұның бәрін анықтауды тіл тарихы, астрономия мамандары үлесіне қалдыра отырып, автор осы пікірге қалай келді, неге сүйенеді дегенді анықтасақ та, ежелгі халық және Мәшһүр-Жүсіп философиясын негіздеген деректердің қайнар көзін аша түсетініміз сөзсіз.

Сондай-ақ, адам ішіндегі баланың өніп-өсуі үшін және туғаннан кейін өсіп дамуы үшін көктегі жұлдыздардың белгілі бір рөлі бар екенін айтқан тұжырымдарда да адам мен ғарыш байланысы туралы ғылым үшін мәнді дән болуы ықтимал. Сол тәрізді адам мен пері, шайтан қарым-қатынасы жайында айтылған ұйғарымдарда да бүгінгі философия, психология, медицина үшін ой саларлық жорамалдардың жатуы мүмкін. Қысқасы, Мәшһүр-Жүсіп шығармасында астрология, медицина, биология, тағы басқа ғылымдар үшін ой саларлық, дамытылып зерттелуін тосып тұрған құнды ойлардың бастамасы бар. Бұл пікірлердің біразының бүгінгі ғылым биігі тұрғысынан қарағанда, теріс, тіпті өрескел көрінуі де мүмкін. Әйтсе де, болашақта оған басқаша, оң көзқарас тууы ықтималдығын ешкім жоққа шығара алмас. Ғылым қашан да, белгілі бір биікке жетіп, толысып бітіп, бар мәселеге пышақпен кескендей ақтық пікір айтып, тоқырап қалмайды. Қайта ғылымның үнемі өзгеріп, алдыңғыны біресе теріске шығарып, біресе, дұрыс деп тауып, ақыры бекерге шығару мен мақұлдауды безбендей қарау нәтижесінде ғана алға басудың жаңа көздерін ашады. Осы көзқарас тұрғысынан келгенде Мәшһүр-Жүсіп жазбаларының мәнін ашу, ұрпақтан ұрпаққа жетуіне баскөз болу – ортақ борыш.

¹ Ғ. Есімов. Хакім Абай. Алматы, Атамұра – Қазақстан, 1994. 52-58-беттер.
Нартай ЖҮСІПОВ, қазақ филология кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор

ФАКТЫ

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Единственная биографическая рукопись, написанная племянником М.Ж. Копеева, полностью не переведена с арабского, поэтому биографические сведения о нем отрывочные.

В возрасте 5 лет Машхур Жусуп начинает брать уроки у мурлы Нажмиддина, позже у Дуржанбай мурлы и Бибы мугалим.

На одном из праздников девятилетний Копеев удостоивается чести называться Машхуром, восхитив своими знаниями, ораторским талантом крупнейшего и влиятельного политического и общественного деятеля Степи того времени Мурсы Шорманова.

Много путешествовал по Сары-Арке, знакомясь и собирая неизвестные образцы устного народного творчества. Посетил Среднюю Азию, был в городах Туркестан, Бухара, Ташкент, Самарканд, районах Северного и Центрального Казахстана.

Единственный снимок Машхура Жусупа Копеева был сделан павлодарским фотографом, краеведом, основателем областного краеведческого музея Д. П. Багаевым.

Машхур Жусуп встречался с султаном Кунанбаевым, поэтами Абаем и Ш. Кудайбердиевым, народными композиторами Акан Сери, Мади Бапиулы, Жаяу Муса, чемпионом мира по борьбе Кажымуканом Мунайтпасовым, этнографами Василием Радловым и Мейрамом Жанайдаровым и другими.

М. Ж. Копеев открыто высказывал отрицательное отношение к «новому порядку», требуя внесения серьезных коррективов в документ. Пишет поэмы «Қанды жексенбі» («Кровавое воскресенье») и «Манифест». Обращался к депутатам Российской Думы с идеей объединения мусульманских народов.

В 1907 г. жандармерия г. Казани возбуждает дело и привлекает к суду М.Ж. Копеева за издание рукописей, объединенных в тему «Сарыарқаның кімдікі екендікі».

Еще при жизни Машхур Жусуп предсказал свою смерть и заранее говорил стихами: «Доживу до 73-х лет, до этого хоть топором отрубите мою голову, но не сможет никто меня убить, после 73-х в золотом замке держите, но не удержите меня». Он первый человек в истории ислама во всем мире, который не был погребен в могилу.

В 1929 году на холме Ескелдi построил себе могилу, состоящую из двух комнат. В первой комнате располагались Коран и многие вещи, которыми он пользовался при жизни. Во второй комнате был вырыт погреб размером 3x4 метра, глубиной выше роста человека.

Ходили слухи о том, что Ж. Аймаутов готовился к написанию романа «Путь Машхура».

Машхур Жусуп Копеев умер, как сам предсказал, 27 ноября 1931 года. Его тело до 1952 года лежало нетленно. По указанию высших партийных органов могила была снесена.

В 1952 году прошлого века надгробное сооружение Машхура Жусупа было восстановлено, но тело его осталось засыпанным грунтом.

Машхур Жусуп Копеев активно изучал медицину, астрономию и физику. Будучи ученым-энциклопедистом, он стал одним из основоположников казахской научной системы своей эпохи.

Для сохранения рукописей Машхур Жусуп добавлял в чернила яд (цианистый калий). Данной техникой пользовались восточные каллиграфисты того периода.

ПГУ – предпринимательский университет



5-ый в рейтинге многопрофильных вузов Казахстана




Трёхязычное образование




Обучение за рубежом
(по программе академической мобильности)




Двудипломное образование



INTERNATIONAL STARTUP ACADEMY



КРУГЛОГОДИЧНЫЕ ДИСТАНЦИОННЫЕ ПОДГОТОВИТЕЛЬНЫЕ КУРСЫ К ЕНТ И КТА



В ПГУ ты можешь учиться на 3 языках
Это поможет тебе смело отвечать на вызовы нового времени



АКАДЕМИЧЕСКАЯ МОБИЛЬНОСТЬ



Ты получишь диплом
международного уровня

Программа академической мобильности позволяет студентам
ПГУ бесплатно обучаться в ведущих мировых университетах



ВОЕННАЯ КАФЕДРА

Павлодарский государственный университет имени С.Торайгырова предоставляет возможность обучения на военной кафедре по грантам для юношей и девушек по специальностям:

Кибербезопасность

Планирование и организация
территориальной обороны

Боевое применение общевойсковых подразделений,
частей и соединений

СИСТЕМА СКИДОК

- для талантливой и одаренной молодежи, обучающейся на платной основе, скидки – до 50%
- по итогам сессии – до 20%
- для обучающихся, относящихся к социально защищаемым слоям населения – до 50%
- скидка студентам из одной семьи – до 20%
- выпускникам колледжей, с которыми заключены договора о совместной деятельности, при поступлении в университет – до 20%
- выпускникам ПГУ имени С.Торайгырова при поступлении в магистратуру или на 2-е высшее дополнительно скидка на весь период обучения – 10%

СОЦИАЛЬНАЯ ИНФРАСТРУКТУРА

КОМФОРТАБЕЛЬНЫЕ ДОМА СТУДЕНТОВ



Благоустроенные комнаты



Кабельное ТВ



Wi-Fi



Библиотека



Компьютерный класс



Тренажерный зал



Спортивные площадки



Прачечная

КОЛЛЕДЖ

ПГУ ИМЕНИ С ТОРАЙГЫРОВА

ПРИГЛАШАЕТ ВЫПУСКНИКОВ

9, 11 КЛАССОВ

НА БЮДЖЕТНОЙ И ДОГОВОРНОЙ ОСНОВЕ

Специальности

ТОКАРНОЕ ДЕЛО И МЕТАЛЛООБРАБОТКА

ЭЛЕКТРООБОРУДОВАНИЕ ЭЛЕКТРИЧЕСКИХ СТАНЦИЙ И СЕТЕЙ

ТЕХНИЧЕСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ, РЕМОНТ И ЭКСПЛУАТАЦИЯ
АВТОМОБИЛЬНОГО ТРАНСПОРТА

ВЫЧИСЛИТЕЛЬНАЯ ТЕХНИКА И ПРОГРАММНОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ

МЕНЕДЖМЕНТ

УЧЁТ И АУДИТ

СТРОИТЕЛЬСТВО ЗДАНИЙ И СООРУЖЕНИЙ

СИСТЕМА СКИДОК

СТИПЕНДИЯ

ОБЩЕЖИТИЕ

По следам великих предков

Ряд юбилеев наших знаменитых земляков мы празднуем в этом году – 125-летие Султанмахмута Торайгырова, 150-летие Естая Беркимбаева, 160-летие Машхура Жусупа Копеева, 200-летие Мусы Шорманова. Также летом павлодарцы приняли участие в фестивале «Ұлы Дала».



1

**ТОРЖЕСТВЕННОЕ ПРАЗДНОВАНИЕ
125-ЛЕТИЯ СУЛТАНМАХМУТА ТОРАЙГЫРОВА
В СЕЛЕ ТОРАЙГЫР БАЯНАУЛЬСКОГО РАЙОНА**

В организованном этноауле состоялась презентация энциклопедии «Сұлтанмахмұт», куда вошло около 2000 статей о жизни и творчестве поэта и около 100 статей, ранее нигде не публиковавшихся.



3

ЭТНОФЕСТИВАЛЬ «ҰЛЫ ДАЛА»

Этнофестиваль «Ұлы дала» был приурочен сразу к нескольким юбилейным датам – 350-летию Бухар Жырау, 200-летию Мусы Шорманова, 150-летию Естая Беркимбаева, 125-летию Султанмахмута Торайгырова.



2

**ПРАЗДНОВАНИЕ 160-ЛЕТИЯ МАШХУРА ЖУСУПА КОПЕЕВА
В МАВЗОЛЕЙНОМ КОМПЛЕКСЕ ПОЭТА И МЫСЛИТЕЛЯ**

В ходе мероприятия прошла встреча с известными машхуроведами, а также казахстанскими историками и литературоведами.

В этот день состоялась презентация оцифрованного 20-томника Машхура Жусупа Копеева и трехтомного собрания сочинений писателя, посвященного ханам, батырам и биям.



4

Премьера студенческой театральной постановки пьесы «Адамжүсіп»

Постановка была организована студенческим творческим объединением «Мұрагер», созданного на базе гуманитарно-педагогического факультета.

ВИЗИТЫ МЭТРОВ



ОЛЖАС СУЛЕЙМЕНОВ

Для студентов Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова регулярно проводятся встречи с представителями творческой интеллигенции. Вспомним самые яркие и незабываемые из них.

Весной 2016 года состоялась встреча с поэтом, писателем-литературоведом, общественно-политическим деятелем Казахстана Олжасом Сулейменовым. В память о визите поэт оставил свое напутствие студентам «Сила нации не в арсеналах, а в библиотеках и университетах».



МУРАТ АУЭЗОВ

В прошлом году в стенах университета состоялась презентация двух широко обсуждаемых книг «Времен связующая нить» и «Ділім», в ходе которой их автор писатель, общественный деятель, культуролог, к.ф.н. Мурат Ауэзов подчеркнул, что в Павлодаре живут пассионарные молодые люди, которые помнят о том, что наша земля дала миру имена великих предков. «Молодежь должна выполнять свою возрастную роль. Быть здоровой, могучей, сильной для расцвета своего народа и своей земли», – сказал он.



ВАЛЕРИЙ ТЕМИРБАЕВ

1 июня 2018 года университет посетил председатель Совета ветеранов-казахстанцев при Посольстве Республики Казахстан в Российской Федерации, заслуженного работника дипломатической службы РК Валерий Батаевич Темирбаев.

«Я очень много раз хотел вернуться сюда. Здесь меня окружали замечательные преподаватели, имеющие особое качество – вселять в тебя не только знания, но и умение жить», – вспомнил он.



ЕРМЕК ТУРСУНОВ

Одним из запоминающихся событий этого лета стала встреча с членами жюри Международного кинофестиваля короткометражного игрового кино и документальных фильмов «Ертіс CINEMA», кинорежиссером Ермеком Турсуновым, актерами Фархатом Абдраимовым и Асхатом Кучинчереквым.

Для любителей книжных новинок Ермека Турсунова презентовал свою книгу «Мелочи жизни», поделившись историей ее создания.

МӘШҒҰР АТАНЫҢ 160 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАУ

Әлемге күндей болып нұрын төккен,
Ақылымен даналық дәнін еккен.
160-қа келіпті Мәшһүр атам –
Бар әлемді жырымен дүбірлеткен.

Өмір жолы ұстанған – имандылық,
Мәшһүр жыры – бір кәусар тұрған
тұнып.
Зердемізге құт құяр жырыменен,
Қуат алар оқыған іштей тынып.

Атажан, болармысың мұндай текті,
Тамсандырып, тебіреніп дүние көпті.
Ақтаңдақ мәңгі қалмас ел есінен
Десек те,
Өткеніңе 87 жыл өтіпті!

АТА МҰРАСЫ

Мәшһүр атам кезінде
Бұқарға да барады.
Ешкім білмес ел ішінде,
Бұқар жырын жазады.
Атамыздың мұрасы –
Тәрбиенің ұясы.
Оқымаған наданның,
Жетпес оған құлашы.
Ұлттық жүйе негізі –
Даналықтың теңізі.
Мол мұрасы Мәшһүрдің
Біле білсең ең ізгі.
Мәшһүр атам жазып кетті
көп кенін,
Ұқтың ба, сен,
Нені жазып кеткенін?
Ойлайықшы, біз де атаның
өмірде
Сара жолмен
Діни мектеп өткенін.

САЙРАН ЕГІНБАЙҚЫЗЫ ШАКЕЕВА
Екібастұз қаласы, № 5 ЖОББМ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

“

Мен де ақынмын, Мәшһүр де ақын. Де-
генмен, ол ақын болғанымен Құдайға
жақын. Сондықтан да Мәшһүр
адамзаттың әулиесі ғой.

Абай ҚҰНАНБАЕВ,
қазақтың ұлы ақыны, данышпан

”



“

Мен ол кісінің алдына барып, тізерлеп
тұрып өзім жеңілер едім.

Қажымұқан МҰҢАЙТПАСҰЛЫ,
қазақтың тұңғыш кәсіпқой палуаны

”

“

Сіз – қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гауһарысыз.
Сіз – құлашыңыз ұзын, қиялыңыз терең, арманыңыз алыстағы
өткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінезі
Сізді жарытпайды, тосаңсытады, күні өткен жат адам қылады.
Жаңа заман өйте берсін. Сіз онда жалғыздығыңызды,
жапандығыңызды, сәнді-салтанатты ескі күніңізді жыр-
лап өтіңіз. Ақынның ақындығы улаған ойын, тулаған сыр-
ын оқушыны толқытқандай қылып, тізген меруерттей кестелі,
толғаулы сөзімен айта білуінде ғой.

Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ,
жазушы, драматург, публицист,
қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі

”



“

Мәшһүр Жүсіп – XX ғасыр басындағы ақындардың аса
бір көрнектісі. Саяси тәртіпті одан батыл сынаған
ақын жоқ.
Ескіні сынағанда, ол – үлкен сатира, саяси лириканың
ақыны, әділет, бостандық идеясын жырлағанда – ро-
манмик. Поэзияны ол интим сезім емес, үлкен саяси
мазмұнның құралына айналдыра білді.

Әуелбек ҚОҢЫРАТБАЕВ,
филолог-ғалым, түркітанушы

”

“

Ақмолла, Ұзақ ақын, МӘШҒҰР ЖҮСІП
Заманға жатушы еді үлгі пішіп.
Солардың ағып жатқан теңізінен
Біз пақыр сөйлеп жүрміз қанып ішіп.

Нартай БЕКЕЖАНОВ,
ақын, композитор

”



М.Ж. Көпеевтің 160-жылдығына арналған «Мәшһүртанудың ғылыми негіздері – «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының БАҒДАРЛАМАСЫ

2018 жыл 21 қыркүйек

9.00-10.00	Тіркеу (Ломов к. 64, бас оқу ғимараты, концерттік залдың холы)
9.00-12.00	«Қаламымен ұрпақтарға ой салған – Мәшһүр Жүсіп» атты кітап көрмесі (Ломов к. 64, концерттік залдың холы)
10.00-12.00	Пленарлық мәжіліс (Ломов к. 64, бас оқу ғимараты, концерттік зал)
13.00-14.30	Үзіліс
14.30-17.00	Секциялық мәжілістер (Ломов к. 64, бас оқу ғимараты, бағдарламаға сәйкес)

ПРОГРАММА

Международной научно-практической конференции «Научные основы махшуроведения – национальная идея «Мәңгілік ел», посвященной 160-летию М.Ж. Копеева

21 сентября 2018 года

9.00-10.00	Регистрация (ул. Ломова 64, главный учебный корпус, холл концертного зала)
9.00-12.00	Книжная выставка «Қаламымен ұрпақтарға ой салған – Мәшһүр Жүсіп» (ул. Ломова 64, холл концертного зала)
10.00-12.00	Пленарное заседание (ул. Ломова 64, концертный зал)
13.00-14.30	Перерыв
14.30-17.00	Секционные заседания (ул. Ломова 64, главный учебный корпус, согласно программе)

Собственник - Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігінде тіркеліп, № 1858-Г куәлігі
берілген (27.03.2001)

Газет С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің
«Білік» газеті редакциясының компьютерлік
орталығында теріліп, қатталды.

Редакция мекен-жайы: Павлодар қаласы,
Ломов көшесі, 64, 230 – кабинет.
Байланыс тел./факс: 67-36-48.
www.psu.kz.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның
көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба
қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын
материалдар қабылданбайды.

Ақылдастар алқасы:
А.А. Ақышев, Р.Т. Билялов,
А.Ф. Зейнулина, Р.Ш. Торпищева
Редактор: Т.А. Вервейко
Тілші: А. Әділбек
Көркемдеуші-беттеуші: Е.М. Абенов
Корректор: С.К. Шаймарданова

«Дом печати» ЖШС
баспаханасында басылды.
Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143 үй.
Телефоны: 8 (7182) 618026
Тапсырыс № Г17-1340.
Тиражы: 700 дана.